


МАТЕМАТИКАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ

1. Суретте сызықтармен тең бөліктерге бөлінген, сыйымдылығы 2,4 литр болатын ыдыс берілген.



Суға толы осы ыдыстағы су 6 бірдей стақанға толтырып құйылғаннан кейін ыдыста қалған су мөлшері төмендегі суретте көрсетілген.



Бір стақанның сыйымдылығын табыңыз.

- A) $2,4 \text{ дм}^3$
- B) $0,24 \text{ дм}^3$
- C) $0,4 \text{ дм}^3$
- D) 4 дм^3

2. Майра қаңтар айында төмендегідей тәртіппен кітап оқыды.
- Натурал санның квадраты болатын күндері 10 бет;
 - Натурал санның кубы болатын күндері 15 бет;
 - Әрі натурал санның квадраты, әрі натурал санның кубы болатын күндері 20 бет кітап оқыды.
 - Жоғарыда айтылған күндерден басқа күндері кітап оқымады.

2021
ҚАҢТАР

01.

Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сн	Жк
				1	2	3
4	5	6	7	8	9	10
11	12	13	14	15	16	17
18	19	20	21	22	23	24
25	26	27	28	29	30	31

Майра осы айда жалпы неше бет кітап оқыды?

- A) 70
B) 80
C) 90
D) 100
3. Дастан ойыншығының ортасына 28 санын, ал жапырақшаларына 28-дің бөлгіштерін жазуды жоспарлады.



Дастанға қалған бөлгіштерді жазып, солардың қосындысын табуға көмектесіңіз.


- A) 41
B) 42
C) 43
D) 44

4. Айнагүл апай шоколадты, жемісті және какаолы үш торт пісірді. Олардың көлемдері бірдей, шаршы пішіндес. Ол осы торттарды екі көршісімен бөлісті.

1-ші көршісіне боялып көрсетілген мына бөліктерді берді:



Шоколадты



Жемісті



Какаолы

2-ші көршісіне боялып көрсетілген мына бөліктерді берді:



Әр торттың қалған бөлігін бөлшекпен көрсетіңіз және олардың қосындысын табыңыз.

- A) $\frac{3}{8}$
B) $\frac{7}{8}$
C) $\frac{5}{8}$
D) $1\frac{3}{8}$

5. 60 оқушыға Абай Құнанбаев, Мұхтар Әуезов және Ыбырай Алтынсарин туралы реферат жазу тапсырмасы берілді.

- Абай туралы жалпы 20 оқушы;
- Мұхтар туралы жалпы 32 оқушы;
- Ыбырай туралы жалпы 28 оқушы реферат жазды.

Олардың ішінде

- Әрі Абай, әрі Мұхтар туралы екі реферат жазған оқушылар саны – 9.
- Әрі Абай, әрі Ыбырай туралы екі реферат жазған оқушылар саны – 9.
- Әрі Ыбырай, әрі Мұхтар туралы екі реферат жазған оқушылар саны – 5.

Әрі Абай, әрі Мұхтар, әрі Ыбырай туралы үш реферат жазған оқушылар саны нешеге тең?

- A) 3
B) 4
C) 5
D) 6